

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ФАРМАЦЕВТИКАЛЫҚ АКАДЕМИЯСЫ
Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер кафедрасы

Тақырыбы «Индустрияландыру және
ұжымдастыру жылдарындағы қазақ ауылының
қасіреті»

Орындаған : Тыныс А.
Қабылдаған: Нигматулина Ш,
Тобы:102 фк «А»

ЖОСПАР

КІРІСПЕ:

НЕГІЗГІ БӨЛІМ:

Қазақ ауылы ұжымдастыру қарсаңында.

Ауыл шаруашылығын күштеп ұжымдастыру.

ҚОРЫТЫНДЫ

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

Жаңа экономикалық саясаты республикада дәйекті түрде жүзеге асыру өзінің игі нәтижелерін берді. Кооперативтік қозғалыс одан әрі дамыды. Өндірістік кооперацияның негізгі үш түрі болды:

1. Коммуна -
өндірісті
қоғамдастыру.

2. Артель – жердің,
малдың бір бөлігін,
ауылшаруашылық
машиналарын,
құрал –
саймандарды
біріктіру.

3. ТОЗ – жер
бірлесіп өңдеу мен
шөп шабу
жөніндегі
серіктестік.

Ауыл мен қыстақтарда орташалар шаруашылықтары көбейіп, орташалардың кедейлермен одағы нығая түсті. Патриархат көшпелі халықтың мәдениеті артты.

Алайда бұл ұзаққа созылған жоқ. Өлкелік партия ұйымының басшылығына келген Ф. И. Голощекин «ауылды кеңестендіру» ұранымен ауылда тап күресін шиеленістіру бағытын таңдап алды.

Тәркілеу заңды бұзу арқылы жүзеге асырылды:

1. Орташалар байлар қатарына жатқызылды.

2. Тәркілеуге жататын нормаға дейін жеткізу үшін жекелеген отбасы шаруашылықтары әдейі біріктірілді.

3. Қанаушы элементтермен қатар дәулетті және орташа шаруашылықтар да тәркіленді.

Сөйтіп, бай – кулактар қатарына темір шатырлы үйі немесе 2 аты болғандар да енгізілді. Ауыл шаруашылығын жаппай ұжымдастыру (коллективизация) бағыты көзделіп, бай – кулактары тап ретінде жою міндеті алға қойылды. Ұжымдастыру бай – кулактарды тәркілеуден басталды.

1927 жылы желтоқсанда болып өткен партияның XV съезі ауыл шаруашылығын ұжымдастыру бағытын жариялады. Қазақстанда ауыл шаруашылығын ұжымдастыру ісінің аяқталуы 1932 жылға жоспарланды.

Қазақстанның астықты аудандарында колхоз құрылысының негізгі формасы – ауыл шаруашылық артелі, ал мал шаруашылығы аудандарда жерді бірлесіп өңдеу мен шөп шабу жөніндегі серіктестік (ТОЗ) болуға тиіс еді.


1929 жылдың екінші жартысынан бастап республикада колхоз құрылысы жедел дамытылды. Алғашқы МТС – тер құрылып жатты.

Қазақстанда көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылықты отырықшылыққа көшіруді 1933 жылы аяқтау көзделді.

Ұжымдастыру мен отырықшыландыруды жаппай жүргізу үшін ауылдар мен қоныстарға 8 мың жұмысшы және 1204 «жиырма бес мыңдықшылар» жіберілді. Олар Россиядағы колхоз жобасын қайталайтын қоныстандыру үлгісін орнықтырды.



Ұжымдастыру кезінде жіберілген қателіктер:

- 
- 1. Қатаң жаппай қуғындау мен террорға негізделді.
 - 2. Даярлықсыз жергілікті жағдайлар ескерілместен жүргізілді.
 - 3. Әкімшілік – күштеу әдістерімен жеделдете жүргізілді.
 - 4. Шаруашылық базасын жасау, тұрғын үйлер, мәдени тұрмыстық объектілер салу жоспары аяғына дейін орындалмады.

Жекедегі малды қоғамдастыру нәтижесінде, мал күтімінің кемдігінен, жем – шөптің жетіспеуінен мал қырылды. Осы жылдары өлкенің Одақ бойынша товарлы астық өндіруден үлес салмағы 9 % - тен 3 % - ке кеміді.

Мал шаруашылығы күйзелісті шығынға ұшырап, 1930 – 1932 жылдары аштық жайлады. 1932 жылғы ақпан – колхозшы қожалықтарының 87 % - і, жекешелердің 51,8 % - і малдан түгел айырылды. Ұжымдастыру қарсаңында – 40,5 млн. мал болса, 1933 жылы 1 қаңтарда 4,5 млн. мал қалды.

- Бұл жағдай Қазақстанда аштық қасіретін туғызды:
 1. 1930 жылы – 313 мың адам;
 2. 1931 жылы – 755 мың адам;
 3. 1932 жылы – 769 мың адам қайтыс болды.
 4. 1930 – 1932 жылдарда барлығы 1 млн. 750 мың қазақ немесе халықтың 40 % - і жаппай қырылды.



Елді индустрияландырудың қажеттігі

- **Индустрияландыру** – ірі өнеркәсіпті, ең алдымен ауыр өнеркәсіпті құру және дамыту, ірі өнеркәсіптік өндіріс негізінде бүкіл халық шаруашылығын қайта құру.

Индустрияландыру тек социалистік құрылысқа ғана тән кезең емес. Ол - елді жаңғыртудың міндетті шарты

1920 жылы халық шаруашылығы салаларын машиналық техника базасына көшірудің кешенді бағдарламасы белгіленді. Индустрияландыруды бастау туралы шешім **1925** жылы желтоқсанда БК(б)П-ның XIV съезінде қабылданды.

Индустрияландыруды сәтті дамыту үшін дамыған қатынас жолдарын, атап айтқанда, **темір жол** желісін салу қажеттігі туды. Алматыдан Семейге дейін созылуға тиіс болған **Түркістан-Сібір темір жолы** сол кездегі Қазақстандағы ең маңызды құрылыс объектісі болды.

- 1927 жылы Петропавл-Көкшетау жолы салынып, **1931** жылы ол Ақмолаға дейін созылды. **1939** жылы Қазақстаннан шикізат тасымалдау үшін **Ақмола-Қарағанды, Илеуқ-Орал, Рубцовск-Риддер**, ал 1940 жылы Қарағанды-Жезқазған жолдары салынды. **1928-1940** жылдары республиканың темір жол желісі 50 пайызға өсіп, 1658 км-ге жетті. **Сібір** мен **Орта Азияны**

Индустрияландырудың жетістіктері.

- 1926 - 1940 жылдардағы индустриялық даму Қазақстанды ірі жетістіктерге жеткізді. Индустрияландыру арқасында Қазақстан 1941 жылы ірі ауыл - шаруашылық өндірісі бар индустриялы республикаға айналды. Елде көмір өнеркәсібі қауырт дамыды, 1940 жылы оның 90 пайызы Қарағанды бассейнінің үлесіне тиді. Қарағанды көмір бассейні Донбаспен Кузбастан кейінгі КСРО-ның үшінші көмір ошағына айналды.

Алайда ауыр өнеркәсіптің қарқынды түрде өсуі ең алдымен деревняның ендіргіш күштерін күйрету есебінен болғанын айта кету керек. Өнеркәсіптің қарқынды өсуі келікпен, тұрғын үй құрылысымен, коммуналды - тұрмыстық қызмет керсетуді жаңғыртумен қатар жүрмеді. Индустрияландыру кезінде экономиканың көпсалалығы, жеке меншік және жұмыссыздық жойылды. Әлеуметтік салада байыпты өзгерістер орын алды: жұмысшы табының саны және мамандық дәрежесі өсті, жұмысшылар мен шаруалардан жаңа инженерлік - техникалық зиялылар тобы қалыптасты, басқарушылар аппараты өсті. Халық шаруашылығын әміршіл-әкімшілдік тәсілмен басқару түпкілікті орнықты.

Пайдаланылған әдебиеттер